Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 13.07.2009 жылғы №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «Түркістан жоғары көпсалалы, аграрлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының

«Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы оқытушысы – 1бірлік;
«Электрмен қамтамасыз ету» мамандығы оқытушысы – 2 бірлік;
«Агрономия» мамандығы оқытушысы – 1 бірлік бос лауазымына

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Конкурс өткізу мерзімі:
2025 жылдың 21-27 қаңтар аралығында 5 жұмыс күні ішінде өтеді.
Лауазымдық жалақы мөлшері:
ҚР-сы Үкіметінің қаулысына сәйкес лауазымдық жа лақының мөлшері білім деңгейіне, еңбек өтілі мен біліктілік санатына байланысты белгіленеді.
Біліктілікке қойылатын талаптар:
Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейіндер бойынша кәсіптік білім, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды, және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін – кемінде 2 жыл; педагог – сарапшы үшін – кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4 жыл; педагог-шебер үшін – 5 жыл.
Лауазымдық міндеттері: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәнді ескере отырып, білім алушыларды оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асырады. Жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға жәрдемдеседі. Оқытудың неғұрлым тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын, жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланады. Білім алушылардың сапалы білім, білік және дағды алуын қамтамасыз етеді. Оқу жоспарына және оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады. Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. Жабдықты пайдалану кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын орындайды. Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен міндетті құжаттар тізбесін жүргізеді.
Білуге тиіс:
Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңдары, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, оқу пәнінің мазмұны, оқу-тәрбие процесі, оқыту және бағалау әдістемесі;

Педагогика және психология, әлеуметтану негіздері, қазіргі педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

Басқарудың инновациялық әдістері;

Педагогикалық этиканың негізгі нормалары;

Экономика негіздері, еңбек туралы заңнама, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелері.

Комиссия белгілеген мерзімде конкурсқа қатысу үшін арнайы пән оқытушысы лауазымына кандидат келесідей құжаттарды ұсынуы тиіс:

1. Конкурсқа қатысуға өтініш;
2. Жеке тұлғаны куәландыратын құжат көшірмесі;
3. Кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы;
4. Нотариалды куәландырылған білім туралы құжат көшірмесі;
5. Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
6. Сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
7. Денсаулық жағдайы туралы анықтама;
8. Психоневрологиялық ұйымынан анықтама;
9. Наркологиялық ұйымнан анықтама;
10. Біліктілік санаты немесе 6,5 балл көрсеткіш сертификаты;
11. Педагог тәжірибесі жоқ болған жағдайда 10 минут бейнепрезентация жасауы керек;

Аталған құжаттардың бірінің болмауы кандидатты конкурсқа катыстырмауға негіз болуы мүмкін. Конкурсқа қатысуға кандидат комиссия қарауына өзінің кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыру, ғылыми-зерттеулер, өзінің педагогикалық тәжірибесін қорытындылау, наградалары туралы қандай да болмасын деректі расталған ақпаратты ұсынуға құқылы.

Құжаттар кадр бөлімінде қабылданады. Хабарландыру мемлекеттік тілінде жарияланғаннан кейін қабылданады. Құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланғаннан кейінгі 7 жұмыс күнінен соң тоқтатылады.

Байланыс номерлері: 8(7252) 55-40-69

Электронды почта: turkistan_agro@mail.ru

Сайт: https://turkistan-agro.kz/